

0103 ЕНІТТ

Тіркеу № _____
«__» _____ 20__ ж.
(Қордың тіркеу нөмірі мен күні)

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық
портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін
сенімгерлік басқару туралы 2021 жылғы 18 ақпандағы № 17/6/18-02-21/п
шарттың үлгі нысанына №1 қосымша келісім**

14/34/14-09-21/П

«14» 09. 2021ж.

Алматы қ.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, Алматы қ. Әділет департаментінің аудандық әділет басқармасы 2019 жылғы 19 ақпанда берген мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, бұдан әрі «Қор» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы Курманов Жанат Бостанович арқылы,

Инвестициялық портфельді басқарушы «Halyk Global Markets» акционерлік қоғамы («Қазақстан Халық банкі» АҚ еншілес ұйымы), Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2020 жылғы 15 шілдеде берген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған №3.2.236/13 лицензия, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) 971040000210, бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы Салимов Тимур Рафхатович арқылы, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 2021 жылғы 18 ақпандағы №17/6/18-02-21/п шарттың үлгі нысанына (бұдан әрі – Шарт) осы Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. Шартқа мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 11-тармақ мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) брокерлік комиссиялар, биржалық алымдар төлеуге байланысты шығыстарды және бастапқы құжаттармен расталып, жасалған кастодиан шартқа сәйкес ай сайын үш жақты салыстыру актісімен тіркелетін Басқарушының зейнетақы активтерімен мәмілелері бойынша ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға байланысты басқа шығыстарын зейнетақы активтерінің есебінен төлеуге міндетті.»;

2) 13-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын:

«10) зейнетақы активтерімен мәмілелерді номиналдық ұстау, оларға қызмет көрсету және зейнетақы активтері есебінен сатып алған қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттарды жүргізу бойынша қызметтер көрсететін кастодиан банк ұсынған шоттарды, сондай-ақ Шарттың 11-тармағының 11) тармақшасымен көзделген шығыстарды қоспағанда, қызметтері зейнетақы

активтерін басқару үшін қажет үшінші тұлғаларды тартуға байланысты шығыстарды төлеуге;».

2. Қосымша келісіммен өзгертілмеген және оған қайшы келмейтін Шарт талаптары Тараптар үшін заңды күшін сақтайды.

3. Қосымша келісім 2021 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енеді.

4. Қосымша келісім Тараптардың әрқайсысына бір данадан заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды.

Тараптардың заңды мекенжайы және деректемелері

Қор

A25C9X9 Алматы қ., Самал-2 ш/а,
97-үй, 13 т.е.ү., Samal Towers БО
БСН 971240002115
ЖСК KZ776010131000118840,
БЕК 15
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК HSBK KZKX
телефон: +7(727)331-66-99

Басқарма Төрағасы
Курманов Ж.Б.

мөрдiң орны



Басқарушы

A26F8D4 Алматы қ.,
Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 240 "Г"
БСН 971040000210
ЖСК KZ486017131000000478,
БЕК 15
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК HSBK KZKX
телефон: +7 (727) 259-77-20

Басқарма Төрағасы
Салимов Т.Р.

мөрдiң орны



Ж.Б. Курманов

Т.Р. Салимов